



САЗДЫ ӘУЕН –
ЖАНҒА ДАУА

→ 2



ЖАСӨСПІРІМДЕР ТӘРБИЕСІ ҮНЕМІ
БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ КЕРЕК

→ 2



ҚАНАЗДЫҚ: БЕЛГІЛЕРІ МЕН
ЕМДЕЛУ ЖОЛДАРЫ

→ 3

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

АЗАМАТТАРДЫ МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚАЛАЙ ӨТУДЕ?



Бүгінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – маңызды мәселенің бірі. Осы тұрғыда МӘМС жүйесі дегеніміз не? Амбулаториялық-емханалық қызметі бар аудандық орталық аурухана бұл ретте қандай жұмыстар атқаруда?

Бұл мәселе күні бұрын аудан әкімінің орынбасары Ербол Жиенқұловтың төрағалығымен өткен жиында талқыланды. Басқосуға аудан әкімдігінің бөлім басшылары мен аудандық аурухана және бірқатар мекеме мамандары қатысты.

МӘМС – бұл денсаулық сақтау мүддесін әлеуметтік қорғаудағы мемлекеттік жүйе.

Осы орайда сөз алған аудандық орталық аурухананың бас дәрігері Сейдахмет Шыныбеков: «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – зиянды әрекеттердің алдын алуға, медициналық тексеруден уақытында өтуге айтарлықтай септігін тигізеді», – деді.

Үстіміздегі жылдың 7 айында аудан бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруда бірқатар жұмыс атқарылған. Аудан бойынша «Е» санатына жататын 1179 азаматқа түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оның ішінде 23-і ҚР азаматтығынан шыққандар, 687-сі тұрғылықты жері бойынша тұратындар, 469-і тұрғылықты жері бойынша тұрмайтындар болып шықты. Айта кетейік, тұрғылықты жері бойынша тұрмайтын және ҚР азаматтығынан

шыққан адамдарды өзектендіру бойынша тізім көші-қон қызметіне жолданды.

Ресми мәліметке сүйенсек, аудандық орталық ауруханада 3680 тұрғын сақтандырылмағандардың «Д» санатында тұр. Осы ретте ағымдағы жылдың басынан бүгінгі күнге дейін 2353 тұрғынға түсіндіру бойынша үй-үйді аралау жұмыстары жүргізіліп, жалпы көрсеткіш 64 пайызды құрап отыр.

Басқосуда Ербол Жұмабекұлы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру тиімді тәсіл екенін айтып, аудандық аурухана басшылығы мен ауылдық округ әкімдеріне «Д» санатындағы 1327 адамды өзектендіру бойынша жүйелі жұмыс жасап, түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

«Шұғыла»-ақпарат.



КЕЗДЕСУ

ДЕГДАР ДҮНИЕЛЕР ҰМЫТЫЛМАСА КЕРЕК



Жамбыл аудандық кітапханасында Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, жерлес қаламгер Әлімқұлов Бақытжан Советұлымен әсерлі кездесу өтті. Жылы шырайлы жүздесуде көрермендер мен тыңдармандарға, жалпы халыққа сапалы дүниелер ұсыну жайы сөз болды. Жергілікті ақын-жазушылар мен сазгерлердің шығармаларын насихаттау бойынша құнды ұсыныс-пікірлер айтылды.

Жәнібек АСАНОВ

Кездесу тізгінін ұстаған аудандық мәдениет үйінің директоры Индира Тоғанбаева жиналғандарға мазмұнды мағлұматтар беріп, әсіресе жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің, адамгершілік

асыл қасиеттерге баулудың, рухани тазалыққа шақырудың, өміршен шығармалар арқылы қазақ халқы мен тіліне, Отанға деген сүйіспеншілігін оятудың маңыздылығына тоқталды. Бақытжан Советұлы өз шығармашылығы, өмірлік ұстанымы туралы ғибратты әңгіме сабақтады.

→ 2

АЛТЫН БЕСІК

96 жылдық тарихы бар Жамбыл ауданының орталығы – Аса ауылының бүгінгі келбеті сүйсіне тұрарлық. Жасалып жатқан игі істерді қалың оқырманға жеткізу мақсатымен Аса ауылдық округі әкімінің орынбасары Азамат Жұмаділовті сөзге тартқанбыз.

АЙМАҚ АЖАРЫН АШҚАН АСА АУЫЛЫ

Жәнібек АСАНОВ

– Аса ауылында жалпы ұзындығы 39,8 шақырымды құрайтын 41 көше жарықтан-дырылды. Қазіргі кезде самаладай жарқырап тұр. Соңғы 30 жылдан астам теміржол маңындағы тұрғындар үшін қордаланып келе жатқан мәселенің түйіні тарқады. Аймақ басшысының қолдауымен аудандық бюджет есебінен аспалы көпір салынды. Енді теміржол аймағында тұратын мыңнан аса тұрғын орталыққа қауіпсіз бара алады. Сонымен бірге шағын футбол және балалар ойын алаңшалары пайдалануға беріліп, жастар мен бүлдіршіндер игілігін көруде. Көптен күткен аялдама мәселесі де шешімін тапты. Аудандық бюджеттен бас-

аяғы 10 аялдама салынды. Тұрғындар үшін көлік күтуге ыңғайлы, төбесі жабық, астына төсеніш плиталар төселген. 2012 жылы салынған Ауған соғысы құрбандарына арналған аллея жөндеуден өтіп, Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға арналған тақта орнатылып, айналасы абаттандырылды. Тұрғындар бүгінде осы саябақта кешкі серуен құрып, демалуда. Бұл – 7 айда атқарылған жұмыстардың бір парасы. Бәрі де халық игілігі үшін. Алда әлі ауқымды жұмыстар өз кезегін күтіп тұр. Сондықтан ауыл болып тазалыққа мән беріп, ауданымыздың гүлденуіне атсалысайық. Әр жасалған дүниені көзіміздің қарашығындай қорғап, бүлдіруге жол бермейік. Аса ауылы жайы берсін, – деді округ әкімінің орынбасары.

→ 4



ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗЕР

Сазды әуен – жанға дауа

Ұлттық музыка өнері -
рухани байлық

Жамбыл облысының 85 жылдығына орай аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Ұлттық музыка өнері – рухани байлық» тақырыбында ауыл тұрғындарымен қазақтың ұлттық аспабында дарыны, қабілетінің ерекшелігімен ұлттық музыканы дамытып жүрген өнер иелерімен кездесу кеші өтті.

Нұрперзент ТУҒАНБАЙ



аспабының шығу тарихы жайлы әңгімелеп береді.

Оқырмандардың бойына ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті дарыту, музыкаға деген қызығушылықты арттыру мақсатында ұйымдастырылған кешке Роза Бағланова атындағы «Қазақ концерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының әртістері, Халықаралық байқаулардың лауреаты, «Жетіген өнерін зерттеу академиясы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, трансформациялық ойындарды жүргізуші, Рейки мастер, 10 музыкалық аспапта ойнайтын кәсіби музыкант, «Жетіген медитация» жобасының авторы, концерттен бос уақытында дертне дауа іздегендерге қазақтың ұлттық аспабында медитация өткізетін, XI ғасырдан астам тарихы бар қазақтың ұлттық аспабы жетігенді шебер менгеріп, АҚШ, Еуропа және ТМД мемлекеттерінде қазақтың ұлттық музыкасын кеңінен танытып жүрген танымал тұлға, өнер иесі Венера Табыс пен «Астана сазы» Қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблінің жетекшісі Мадияр Малдыбаев қатысты.

Кездесу кешінде Венера жетіген

анаңыз қарсы болды ма әлде қолдады ма?» «Жалпы қандай аспаптарды менгердіңіз?», «Медитация жасауға не түрткі болды?», «Анаңыз кітапхана саласында қызмет атқарған екен, әдебиетке қаншалықты құмарсыз?» деген сауалдарына талантты өнер иесі шығармашылық жолмен қатар өмірдерінен сыр шертті.

Іс-шара барысында Венера Табыс жетігенмен 3 сеанс медитация жасап, сол бойынша көпшіліктің ойын сұрады. Оның сөзіне сүйенсек, жетіген медитациясы дегеніміз бұл ұлттық өнер мен заманауи психологиялық әдістермені ұштасқан ерекше проекциясы. Ол дәстүрлі қазақ мәдениетінің элементтерін пайдалана отырып, қазіргі заманның қажеттіліктерін қанағаттандырады және ішкі жан дүниенің үйлесімділікке жеткізуге көмектеседі. Жетігеннің әуендері денені босансытып, ақыл-ойды тазартып, ішкі үйлесімділікті табуға көмектеседі. Бұл медитация стресс пен кернеуді жоюға, эмоционалды тұрақтылықты сақтауға және психологиялық тұрғыда денсаулықты жақсартуға септігін тигізеді.

Кездесу өте қызықты және тартымды болды. Қатысушылар керемет көңіл күйде отырып, кеш қонақтарымен бірге «Ана» туралы әнді шықады. Аудандық орталықтандырылған кітапхана директоры Аида Қалисаева кешті қорытындылай келе, қонақтарға кітапхана атынан гүл шоқтарын ұсынып, естелік сыйлықтарын табыстады.

Сонымен қатар кеш жүргізушісінің «Жетігенді кімнен үйрендіңіз?», «Ата-

Соңы. Басы 1-бетте

ДЕГДАР ДҮНИЕЕЛЕР
ҰМЫТЫЛМАСА КЕРЕК

Сі кең, байтақ жерім - Қазақстан!

Жамбыл өңірінің киелі топырағына табаны тиген, бар саналы ғұмырын осы ауданда өткізген шоқтығы биік қаламгерлердің арасында ақын Совет Әлімқұловтың орны бөлек. Халықтың көркемдік талғамына сай поэзиялық туындылар жазып, оқырманға ой салар дегдар дүниелер қалдырған қаламгердің әдебиетке көңіл адалдығын тілмен жеткізу қиын. Басқосуға арнайы келген ардагерлер – кезінде ақын ағасымен бір ұжымда қанаттасып еңбек еткен Бақыт Сырлыбаев, Сансызбай Бертайұлы, шығармашылық тығыз байланыста болған Сәрсембай Күзәрбаев, ақын өлеңдеріне жазылған әндерді ықпалмен орындап жүрген өнер иесі Ғарифулла Луқманов және басқалары бала мінез, жаны жұртындай жомарт, даласындай дархан Совет ағаның

өлеңдері, ақынның сөзіне жазылған әндер жайында терең ойларын ортаға салды.

Иә, танымал ақын Совет Әлімқұловтың «Ұмытып кетпе мені», «Балалар соғыс көрмесін», «Сен дегенде» атты өлеңдерінің сөзіне жазылған әндерді аудан өнерпаздары бүгінге дейін үздіксіз орындап келеді. Ақынның мерейтойларында, еске алу кештерінде, мәдени-танымдық іс-шараларда, мерекелер мен атаулы күндерде бұл әндер міндетті түрде бағдарламаға кіреді. 1990 жылы Ұлы Женістің 45 жылдығына арналған облыстық патриоттық әндер фестивалінде С.Әлімқұловтың сөзіне жазылған жергілікті композитор С.Күзәрбаевтың «Балалар соғыс көрмесін» әні (орындаған жергілікті

журналист Б.Жаппаров) үшінші жүлдені иеленген болатын. Одан беріде ақынның «Нұрлы өмір» өлеңінің желісімен аудандық мәдениет үйі спектакль қойды. Бұдан басқа өлеңдеріне де жыл сайын сахналық қойылымдар көрсетіліп келеді.

Ақынның халыққа әлі де кеңінен тарай қоймаған шығармалары бар. Осы кездесуде бұл жайында да ойлар қозғалды. Қаламгердің ұлы Бақытжан Советұлы аудандық мәдениет үйіне ақын өлеңдеріне жазылған әндер нотасымен енген ақын-сазгер Қалия Сейіткалыққызының «Далам менің» атты кітабын сыйға тартты. Сонымен бірге сексенінші жылдардың басында ақын сөзіне жазылған «Асалық жастар вальсі» (әні Сәрсен Жүнісовтікі), әуені мен сөзі жұрт жүрегін баураған

Алма бақ жайнап,
Бұлбұл құс сайрап,
Асаға көктем жеткенде.
Өзінді күтіп,
Төзімім бітіп,

Тұрамын шығып көк белге, – деп басталатын «Асадағы ақ сәулешім» (әнін жазған атақты сазгер Мәлс Өзбеков) әндерін нотасымен қоса табыс етіп, тағы басқа әндердің жинақталып жатқанын айтты.

Өлең – ақын жанының нұры. Өмір бойы ауданда қызмет етіп жүріп, Алматыдағы баспалардан бірнеше жыр жинағын шығарған, сол үшін КСРО Жазушылар одағының мүшесі құрметті атағын алған Совет Әлімқұловтың артында қалдырған дегдар дүниелері ұмытылмаса керек. Ақынның тамаша туындылары алдағы уақытта аудандағы «Аса сазы» ансамблі мен жеке орындаушылардың репертуарын байыта түспек. Басты мақсат – жерлес қаламгердің шығармаларын дәріптеу және насихаттау.

Кездесуден Совет ағаның рухы кезіп жүргендей әсер қалды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Атырау қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысы өткізіліп, Ел президенті әуелі дәстүрлі басқосудың мән-маңызына кеңірек тоқталып, еліміздегі әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық және идеологиялық мәселелердің барлығына мән берді. Негізінде Президент бұл жолы да құрылтайда қоғам дертін айналып маңызды мәселелерді алға тартып, онымен күресу жолын айтты.

ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖОЛ АШУЫМЫЗ КЕРЕК

Басқосуда ономастика, тарих, руханият, қазақ тілі, жасампаздық индустриясы, ұлттық бірегейлікті дамыту мәселелері де сөз болды. «Мен экономиканы дамыту үшін «Креативті индустрияның» мән-маңызы зор екенін үнемі айтып жүрмін. Бұл мемлекеттің тілдің болашағы үшін де өте маңызды. Қазақ тілін дамытамыз десек, қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді барынша тиімді пайдаланған дұрыс. Тек ақпараттық технологияның пайдалы жағын алып, зиянды жағынан сақ болған жөн. Ашығын айтсақ, интернетті талғамсыз пайдалану бала тәрбиесіне теріс ықпал етіп жатыр. Бұл – өкінішке қарай ақиқат. Балалар түгілі, ата-аналар да әлеуметтік желідегі мағынасыз контентке тым әуес. Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз», – деген Мемлекет басшысы елімізде кітап оқудың кенжелеп қалғанын айтып, жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатқанын жеткізді. Ең бастысы, бұл құндылықтардың барлығы біздің төл тарихымызға, мәдениетімізге, болашақ ұмтылысымызға негізделуі тиіс. Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздің болашақ бейнесін «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үш таған ұғым арқылы сипаттап берді. Жалпы Ұлттық құрылтайда мемлекеттік нышандарды жетілдіру, ұлтмыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту, мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеу, өскелең ұрпақтың тәрбиесі, ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, креативті

индустрияны дамыту, мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметін сапалы жүргізу, шекаралас аймақтарды дамыту, мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіру секілді мәселелер қамтылатыны белгілі. Дегенмен Атырауда өткен жиында Мемлекет басшысы: – Мен бұл күздегі Жолдауымда жаңа экономикалық саясатқа көшетімізді айттым. Ақпанның басында Үкімет ауысты, жаңа міндеттер жүктелді. Дегенмен нағыз дамыған ел болу үшін тек экономикалық мақсат қою жеткіліксіз. Әлеуметтік, шаруашылық, идеологиялық және басқа да салалардағы бағдарымызды айқындап, нақты шараларды қолға алуымыз керек, – деп бұл тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беретінін айтып, ұлттың жана келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға жеке-жеке тоқталды. Олар: тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық. Біз ерқашан жаңа бастамалар көтеріп, елің болашағын жарқын ететін жасампаздық жолды таңдауымыз керек. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастырамыз десек, ерінісі еңбек етіп, Президент көтерген идеяларға үн қосуды парыз деп санайық.

Гүлжан ӘДІЛОВА,
Б.Момышұлы атындағы
мектеп-гимназиясының мұғалімі.

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Жамбыл ауданының 2024 жылғы қаңтар-
маусым айларындағы әлеуметтік-
экономикалық дамуы

2024 жылғы 1 маусымға Жамбыл ауданының халық саны 88126 адамды құрады. Ауданда ауыл шаруашылығының жалпы өнімнің нақты көлем индексі 103,5 пайызға орындалып, 11109 млн теңгені құрады.

2024 жылғы қаңтар-маусым айларында өнеркәсіп кәсіпорындарымен (шағын кәсіпорындар, қосалқы өндіріс және үй шаруашылықтарын қосқанда) 22309,9 млн теңгені өнеркәсіп өнімдері өндірілді. Өнеркәсіптік өндірістің индексі 2023 жылғы сәйкес кезенте 77,8 пайызды құрады.

Аудан бойынша қаңтар-маусым айларында негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі – 11954,2 млн теңгені, пайдалануға берілген тұрғын үй 39264 шаршы метрді құрады, құрылыс жұмыстарының көлемі 6079,8 млн теңгені құрады.

Есепті мерзім ішінде ауданда бөлшек сауданың көлемі 8028 млн теңгені құрап, оның ішінде азық-түлік тауарлары 813,3 млн теңгеге, азық-түлік емес тауарлары 7214,7 млн теңгеге сатылды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЛАРЫН
ӨНДІРУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсуар» РМҚ-ның Жамбыл филиалы Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау бойынша төмендегі жайды хабарлайды.

Субсидиялау қағидаларының (ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы №6-3/597 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда №12714 болып тіркелді) 10-тармағына өзгерістер енгізілді (2024 жылдың 14 маусымынан күшіне енді (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500012714>)). Яғни, суармалы сумен жабдықтау қызметін сатып алу бойынша субсидия тікелей су берушіге бағытталатын болады.

Жер үстімен суару кезінде сатып алынған суаратын судың 1 текше метріне арналған субсидия мөлшері: тарифтің 50 пайызын құрайды.

Сондай-ақ, аталған Қағидалың 5-тармағына сәйкес субсидиялау кезінде АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушылар) су берушіге қолданыстағы тариф пен тарифтің субсидияланатын бөлігі арасындағы айырманы төлейді, қалған бөлігі су берушіге субсидия түрінде төленеді. Бұл ретте субсидияларды төлеудің барлық шарттары су беруші мен АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушылар) арасындағы шартта жазылады.

«Қазсуар» РМҚ Жамбыл филиалының «Аса» өндірістік бөлімшесі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ

ЖАСӨСПІРІМДЕР ТӘРБИЕСІ ҮНЕМИ
БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ КЕРЕК

Қазіргі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, көмектестік таламдар арасында қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Жыл басынан бері Ақбастау ауылдық округі әкімінің аппараты аудандық ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен, мектеп ұжымымен бірлесіп, ауыл жастарының және жоғары сынып оқушыларының қатысуымен «Жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмау мен алдын алу», «Адалдық мекені – әркімнің жүрегі», «Қылмыс және құқық» атты тақырыптарда кездесулер мен «дөңгелек үстел» отырыстарын өткізіп тұрады.

Жергілікті әкімшілік мамандары тәртіп бұзған балалардың өзімен де, олардың ата-аналарымен де, мектеп ұстаздарымен де кездесіп, келелі мәселені кеңінен қозғап келеді. «Баланы – жастан» деп бабаларымыз текке айтпаған. Баланы дұрыс жолға салып тәрбиелеу – әрбір азаматтың міндеті. Сондықтан әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың

төмендеуіне көп септігін тігізес еді.

Осы бағытта Бірлесу-Еңбек және Шоқай ауылдарындағы кіші футбол алаңдарында ауыл жастары арасында аптаның әр жұмасында футбол, теннис, ұлттық ойындар мен эстафеталық іс-шаралар өтіп тұрады.

Осы атқарылып жатқан іс-шаралардың барлығы жастардың жаман әдеттерден жириніп, өмірге деген құштарлығын арттыру, өз беттерінше ізденуге, салауатты өмір салтын ұстануына өзіндік септігін тигізетініне сенеміз.

Бұдан бөлек, округте жергілікті полиция қызметі ұчаскелік полиция инспекторларының қатысуымен түнгі рейдтер ұйымдастырып, көмектестік таламдар жасөспірімдердің беймезгіл көшеде жүрмеуіне қадағаланып тұрады.

Көркем ҚАРАБЕКОВА,
Ақбастау ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маман-әскери есеп жүргізушісі.

СҰХБАТ

ҚАНАЗДЫҚ: белгілері мен емделу жолдары

Дәрігерлердің айтуынша, қаназдық (анемия) ауруына қыз-келіншектер мен сәбилер көп ұшырайды екен. Әсіресе 4-5 жастағы кішкентай балаларда бұл ауру түрі жиі кездеседі. Қаназдық (анемия) бұлдіршіндердің бойының өсуіне, буындарының қатуына, тістерінің дұрыс шығуына кері әсерін тигізеді. Халық арасында жиі кездесетін анемия ауруына көп адамдар мән беріп қарамайды. Қан талдауларын уақытылы тапсырып, белгіленген дәрі-дәрмекті тұрақты түрде қабылдамайды. Өз денсаулығына ұқыптылық танытпайтын көпшілік есепке тұрып, дәрігер қабылдауына келмейтін себептен анемия ауруымен күрес қарқынды болмай тұр. Соның салдарынан емделу ұзаққа созылады. Осы аурудың себептері мен белгілері, емделу жолдары туралы сұрақтарымызға жауап алу үшін аудандық орталық аурухананың жалпы тәжірибелі дәрігері Сүлейменова Майя Төлөндіқызымен сұхбаттасқан болатынбыз.

Педиатр, жалпы тәжірибелі дәрігер және біліктілік санаты жоғары Майя Төлөндіқызы аудандық орталық ауруханада ел игілігі мен саулығы жолында абыройлы әрі адал қызмет атқарып келе жатқанына 34 жылдан аса уақыт болыпты. Алматы медицина университетінің 1989 жылы тәмамдаған дәрігер 1990 жылы аудандық орталық ауруханада педиатр болып бастап, одан соң жалпы тәжірибелі дәрігер қызметін бүгінгі күнге дейін атқарып келеді. Майя Төлөндіқызы – білімді әрі білікті дәрігер. Адам жанын жылы сөзбен емдеп, дертіне шипа тауып отырған адал еңбегіне халық дән риза. Ол – өз тәжірибесінде түрлі науқастардың саулығын кетуге себептігіне тигізген дәрігерлердің бірі. Мейірімділік пен ізгілік жаршысына айналған маман әңгіме барысында бізге қаназдықтың тек пайда болуын ғана емес, біз білмейтін түрлерін, қандай жағдайда туындайтындығын, диагностикасы мен емі туралы толық айтып берді. Сонымен қатар Майя Төлөндіқызы қаназдық ауруына бей-жай қарамай, дәрігерге уақытылы қаралу керектігін, оның салдары адам өміріне кері әсерін тигізетінін, пайдалы тағамдарды тұтынып, өз денсаулығына мән беру керектігін ескертті.



– Майя Төлөндіқызы жалпы қаназдықтың дегеніміз не?

– Қаназдық (анемия) – қан құрамындағы эритроциттердің, гемоглобиннің азаюы салдарынан оттегінің ағзадағы тіндерге жеткіліксіз болуынан пайда болатын ауру түрі. Гемоглобиннің ер адамдарда 130 г/л, әйел адамда 120 г/л ал жүкті әйелдерде 110 г/л төмен болуымен қаназдық көрінеді. Ол жеке ауру түрінде және көптеген аурулардың салдарынан дамиды. Адам ағзасынан темір, фолий қышқылының тапшылығынан қаназдық туындай жатады. Сонымен бірге сүйек кеміктерінде қан бөлшектерінің жеткілікті түрде бөлінбеуі де осы аурудың пайда болуына әкеліп соғады. Қаназдықтың алдын алу үшін жылына екі рет қан тапсыру керек. Қаназдық кезде ауыр патологиялық жағдайлар жиі дамиды. Ол жалпы жағдайдың төмендеуіне әкеліп қоймай, онкологиялық және инфекциялық аурулардың дамуына себеп болады. Егер бұл ауру ауыр формаға ауысқан жағдайда уақыт өткізбей дәрігерге көрінген жөн.

– Қаназдық ауруы ел арасында қаншалықты жиі кездеседі?

Бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы көрсеткіші бойынша әлемде қаназдықтың ауыратын 1 млрд 987 миллион 300 мың адам тіркелген. Соның ішінде темір тапшылықты қаназдық 25-40 пайыз адамдарда кездеседі екен. Біз қаназдық ауруын жеңіл ауру ретінде қарамауымыз керек. Себебі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, жыл сайын 2 млрд-қа жуық адам қаназдықтың ауырады екен. Сонымен қатар оның ішінде ең көп кездесетінін қаназдық түрі темір тапшылықты қаназдық болып табылады. Сондықтан айтатын кеңесім дұрыс тамақтану және құрамында темір, В12 мен фолий қышқылы бар тағамдарды дұрыс пайдалансақ, оның барлығының алдын алуға болады.

– Қаназдықтың дамуына алып келетін факторлар жайында айта кетсеңіз?

– Қаназдықтың дамуына алып келетін көптеген факторлар бар. Оған демографиялық жағдай, тамақтану режимінің бұзылуы, құрамында темір бар тағамдарды аз пайдалану, дәрумен жеткіліксіздігі және де әлеуметтік жағдай да қаназдыққа әкеліп соғуы мүмкін. Сонымен бірге созылмалы қан кетулер оның ішінде қызыл иектен, мұрыннан, асқазан-ішек жолдарынан, жатырдан қан кету және сіңіру бұзылыстары, энтерит асқазанға жасалған оталар да өзінің үлкен әсерін тигізуі мүмкін.

Қаназдықтың (анемияның) негізгі клиникалық көріністері адам басының айналуы болып табылады. Кейбір жағдайларда адам есінен танып қалып жатады. Сонымен бірге тері түсінің, көз және ерін шырышты қабықтарының бозғылттығы және тырнақ пен терінің құрғап, жарылып кетуі, ауыздың дәмі кетіп тамаққа жатпайтын көмір, бор сияқты нәрселерді жеуге құштарлық қаназдықтың белгілеріне жатады. Және де бұл аурудың ауыр жағдайына, жүрек қағысының жиілеуі мен адамның енгілуі де жатады. Қаназдықтың ауыратын адамның жұмысқа деген қабілеті төмендейді.

Дәрігер қаназдықтың бірнеше түрі кездесетінін айта отырып, бізге оның қауіпті бір түрі пернициозды қаназдық туралы түсіндіріп кетті.

– Пернициоздың тілінен аударғанда, бұзшуы деген мағынаны білдіреді. Бұл қанның өршіген түрде дамитын ауруы болып саналады. Пернициозды қаназдық көбінесе ағзаға В12 дәруменінің тамақпен мүлдем түспеуінен пайда болатын қаназдық болып саналады. Қаназдықтың бұл түрі адамдар В12 дәруменін мүлдем пайдаланбаған кезде, ашығу салдарынан және тағамдарын пайдаланбайтын адамдарда жиі кездесіп отырады. Бұл пернициозды қаназдықтың В12 дәрумені жеткіліксіздігі басқа қаназдық ауруларынан ерекшелігі өте қауіпті, әрі қатерлі ауру болып саналады. Пернициозды қаназдық мегалобласты жасушалардың жоғарылауымен, В12 дәруменінің сіңілуін бұзылуымен жүретін қаназдықтың түріне жатады, – дейді дәрігер.

Пернициозды қаназдықпен көбінесе 40 жастан жоғары әйел адамдар және 60 жастан жоғары ер кісілер ауырады екен. Қаназдықтың бұл түріне алып келетін негізгі себептер ол ауыр асқазан аурулары, және де асқазанына ота жасаған науқастар мен генетикалық тұқымқалыушылықтың салдарынан дамуы мүмкін. Тек бұл ғана емес, иммунитеттің дұрыс жұрмеуі де осы аурудың дамуына әсер етуі мүмкін. Пернициозды қаназдықты алғашқы рет 1855 жылы ағылшын дәрігері Аддисон анықтаған екен. Сондықтан сол кезде

емін табылмаған бұл ауруды кейінірек Касл деген ғалым қаназдықтың осы түріне қарсы асқазандағы ішкі факторды ашқан екен. Яғни, асқазандағы ішкі фактор дұрыс дамымағандықтан, В12 дәруменінің асқазанда сіңуі дұрыс жүрмегендіктен пернициозды қаназдық пайда болатындығын анықтаған.

– Пернициозды қаназдық белгілері қандай болады?

– Қан түзілісі дұрыс жүрмегендіктен адам ағзасында пайда болатын қаназдықтың бұл түрінің белгілері ретінде таңқурай тәрізді тіл, құлақтың шұылдауы және де тері түсінің бозғылттығы мен сарғаюы, ауыздағы жаралар, глоссит және де тілдің ашыумен көрініс табады. Сонымен қатар қаназдық белгілеріне неврологиялық және психикалық бұзылыстар, асқазан-ішек жолдарындағы өзгерістерімен де көрініп отырады. Бұл ауруды диагностикалау барысында арнайы бласты жасушаларға анализ тапсырып анықтауға болады. Арнайы миелограмма деген зерттеу арқылы сүйек кемігінің анализін жүргізген кезде, бласты жасушалардың пайда болуымен жоғары немесе қалыпты екенін анықтау барысында біле аламыз. Осындай қатерлі қаназдықтың алдын алу үшін біз құрамында В12 дәрумені бар, бауыр мен балық өнімдерін дұрыс пайдаланып, алкоголь ішімдіктерінен бас тартуымыз керек.

– Қаназдық кезіндегі инструменталды зерттеулер туралы айтып өтсеңіз?

– Қаназдық кезіндегі инструменталды зерттеулер жүргізу барысында анемияның анықтау үшін алдымен фиброгастроуденоскопия көрсеткіштер бойынша асқазаннан қан кеткен кезде рентгенологиялық зерттеулерді көрсеткіштермен фиброколоноскопияны, ректороманоскопия және де жамбас қуысының ағзаларына, ішкі құрылыс ағзаларына УДЗ жасау жүргізіледі. Сонымен қатар инструменталды зерттеу жүргізу барысында қаназдықтың ауыратын науқас хирургтың кеңесін, асқазан және ішек жолдарынан қан кеткенді шектеу үшін гастроэнтерологтың кеңесін алу керек. Созылмалы қан кетулерге күдіктенген кезде және тістің қанауы болғанда стоматолог дәрігердің кеңесі, мұрыннан қан кету кезінде оториноларингологтың, ісіктің зақымдану кезінде онкологтың кеңесіне жүгіну керек. Ал туберкулездің салдарынан болған қан кетуде фтизиатр, бронх, өкпелі жүйдегі қан кету кезінде пульмонолог, жыныс жүйелерінен қан кеткен кездегі гинеколог дәрігердің көмегіне жүгіну міндетті болып саналады. Қан кету себебі кезіндегі гематолог анемияның түрлерін анықтау үшін өте қажет. Ал протолог ректальді қан кету кезінде және де гелиминтоз, паразитоз сияқты құрттардың әсерінен болған анемияда инфекциялистік кеңесі керек болады.

Жалпы қаназдық (анемия) кезінде ауруханаға жатқызу мәселесіне қатысты дәрігер тәулік бойы стационарға жоспарлы түрде қаназдық диагнозымен жатқызуға көрсеткіштер болмаса, ауруханада жату қажет емес санайды. Егер қаназдықтың ауыратын науқас анемияның шұғыл жағдайына ұшырап, яғни асқазаннан қан кетіп, гемоглобин азайса, жатырдан және отадан кейінгі қан кетулерде шұғыл түрде бөлімшеге жатқызылады.

– Бұл аурудың емі қандай?

– Темір жетіспеушілікті қаназдықтың емі ретінде көбіне ең көп қолданылатын препараттар құрамында темір бар препараттар актиферрин, тардиферон, феррофлекс, ферлатон, феррулек және тағы да басқа қолдануға болады екен. Егер аталған препараттардың бірі әсер етпеген жағдайда, дәрігер науқастың бұлшық етіне екі екемен дәрі енгізу арқылы, гемоглобин 50-ден төмен болған жағдайда, шұғыл көмек ретінде қан құюды қолданады. Жүктілік кезіндегі қаназдықтың ерекшеліктері болады. Осы жағдайда ең көп дамитын қаназдықтың бірі темір жетіспеушілікті қаназдық болып табылады. Себебі тәулігіне тамақпен бірге адам ағзасына 2,5 мг темір түсуі керек. Ол негізінен етті тағамдардың құрамында болғандықтан жүкті әйелдер көбінесе жүктілік кезінде дұрыс тамақтанбаудың салдарынан, құрамында тұтынабағандықтан темір жетіспеушілікті қаназдыққа жиі шалдығады.

– Құрамында темір кездесетін тағамдарға тоқталсаңыз?

– Темір біз күнделікті өмірде пайдаланатын тағамдардың құрамында кездеседі. Бірақ бұл туралы көпшілігіміз білмейміз мүмкін. Мысалы бауырдың құрамында 19 мг темір болса, какаода 12,5 мг, жұмыртқаның сарысында 7,2 мг, жүректе 6,2 мг және де қара нанда 4,7 мг,

шабдалы мен миндаль жаңғақтарында және ет өнімдерінде 3,8 мг-ға дейін темір кездесіп отырады екен. Одан басқа құс еттерінде, ірімшікте, қаймақта және құрамында белок бар тағамдарды көп пайдаланған абзал.

Темір жетіспеушілікті қаназдықта тәуліктік темірдің қажеттілігі адамның жасына байланысты бөлінеді. Яғни, көбінесе балаларда 3 жасқа дейін тәуліктік темірдің қажеттілігі 3 мг болса, 3 жастан жоғарыларға 45-60 мг, жасөспірімдерде 120 мг-ға дейінгі тәуліктік қажеттілік болады. Ересек адамдар мен жастарда темірдің тәуліктік қажеттілігі 5 мг-ды құрайды. Сондықтан темір жетіспеушілікті қаназдықтың немесе В12 қаназдығының, фолий қышқылының жетіспеушілікті қаназдықтың алдын алу үшін құрамында пайдалы өнімдері бар тағамдарды уақытында, қалыпты жағдайда пайдаланып отырсақ, темір жетіспеушіліктің алдын алуға болады. Гемоглобин төмендеп кеткен жағдайда дәрігерге барып қаралып, берілген нұсқауларын орындаған дұрыс. Сонымен бірге темір қоры жұмыртқа, сүт өнімдері, балық, скумбрия, креветка, сыр және қой етінің құрамында кездеседі. Ересек адамның құрамына орта есеппен күніне 3мкг В12 дәрумені түсіп отыруы керек.

– Апластикалық қаназдық дегеніміз не?

– Қаназдықтың тағы бір қауіпті түрі – апластикалық қаназдық. Бұл қаназдықтың патологиялық түріне жатады. Оның туа және жүре біткен түрлері болады. Ең көп кездесетін түрлері жүре біткен апластикалық қаназдық адамдарда 80 пайыз жағдайда кездеседі. Оның себептері ретінде желел гепатит, иондалушы радиация, химиялық заттар, бензол және де басқа да органикалық ерітінділер мен препараттарды көп қолдану жатады. Және вирусты инфекциялармен, соның ішінде ретровируспен, гепатитпен, пара вируспен көп ауырған кезде және сүйектің жүйелі сырқатына шалдыққанда пайда болады. Туа пайда болған апластикалық қаназдық адамдарда 20 пайыз жағдайда кездеседі. Оны басқаша фанкони қаназдығы немесе Даймонд-Блекфен синдромы, кей кездері отбасылық апластикалық қаназдық деп те атайды. Науқас қаназдықтың бұл түрінен емделу үшін онкогематологтың кеңесін алуы керек. Яғни бағаналы жасушалардың сүйек кемігінде дұрыс дамымауынан екі немесе одан да көп клеткалардың өсуінен болатын қаназдық түрі эритроциттердің, тромбоциттердің және лейкоциттердің төмендеуімен көрінеді. Тромбоциттер төмендегендіктен теріде петехиялар, қан кетулер болса, лейкоциттердің төмендеуінен салдарынан адам инфекциялық ауруға бейім болғандықтан бұл ауру панцитопениямен жағдайды. Оны дәрігерлер лейкоциттің, тромбоциттер мен эритроциттердің төмендеуінен байқайды.

– Қаназдықтың бұл түрінің негізгі себептері қандай?

– Апластикалық қаназдықтың негізгі себептері әлі күнге дейін белгісіз екен. Ал қауіп-қатер факторлары ретінде химиялық заттарды бензол, мышьяқты және радиоактивті сәулелендіру мен дәрілік заттарды көп пайдалану осы аурудың пайда болуына әкеледі. Дәрігерлер антибиотиктерді, қабыну мен тырыспаға қарсы препараттарды көп қолданған кезде дамуы мүмкін деген пікір айтады. Және де иммунитетті төмен адамдарда апластикалық қаназдық жиі кездеседі. Бұл ауру мамандардың айтуынша, осы күнге дейін толық зерттелмеген. Сонымен бірге апластикалық қаназдық қауіпті патологиялық ауруға жатады. Оның негізгі белгілері қаназдықпен өте ұқсас. Апластикалық қаназдық әлсіздікпен, шаршағыштықпен және де тромбоциттердің күрт төмендеуі терідегі өзгерістермен, конъюктивадан, ауыз қуысының қанауымен, көзден қан кетумен көрінеді. Бұл ауруды анықтау үшін біз, ең біріншіден, жалпы қан талдауын жасап аламыз, сүйек кемігін зерттейміз. Науқасты миелограммаға жібергенде бласты жасушалардың бар немесе жоқ екенін анықтаймыз. Бласт жасушалар анықталған жағдайда бұл ауру қаназдықтың апластикалық түрі екендігі белгілі болады. Емі ретінде трансплантация жүргізіледі. Содан кейін бағаналы клеткаларды ауыстырып, науқасты қажетті препараттармен емдейміз. Тек қана тінді бағаналы жасушаларды ауыстырған кезде оған сол адамға сәйкес келетін донорды табуымыз керек. Донордың сәйкестігін зерттеу арқылы науқасты әрі қарай емдейміз.

– Анемияның біз білмейтін түрлері көп екен, осы жайында мәлімет берсеңіз?

– Қаназдықтың ең сирек кездесетін және біз білмейтін түрі ол талассемия яғни қули анемия деп аталады. Бұл ауру гемоглобиннің нормадағы құрылымында полипептидті тізбектің синтезінің бұзылуы мен төмендеуі салдарынан дамитын қаназдыққа жатады. Қаназдықтың сирек кездесетін бұл түрі тұқымқалыушылықтың бұзылуының салдарынан дамиды. Ерекшеліктері гипохромды қаназдық түстік көрсеткіштің төмендеуімен көрінетін эритроциттердің әр түрлі күйге бөленуімен және де эритроцит клеткаларының ішіндегі темірдің қалыпты жағдайда немесе жоғары болуымен байқалады. Және де бұл аурудың бір ерекшелігі адамның қан құрамындағы гемоглобиннің төмендеуімен ғана емес, сыртқы көріністерімен анықталады. Ол дегеніміз адамның бет, жақ және бас сүйегінің құрылымдарының бұзылыстарымен байқалады. Және де бас сүйегі квадратты түрде, мұрын өзгеше формаға өзгеріп, тері түсінің сарғаюымен шырышты қабықшалардың сарғаюымен біліне бастайды. Сонымен қатар бұл жерде бауыр және көк бауыр ұлғаяды. Бұл қаназдықтың түрімен ауыратын науқастар көбінесе инфекциялық аурулармен ауыруға бейім болып келеді. Сонымен қатар баланың немесе ересектердің басының көлемінің физикалық өзгеруіне байланысты бала фискалық дұрыс дамымайды және де ой санасы жағынан артта қалып қояды.

– Қаназдық ауруының белгілерімен бөліссеңіз?

– Қаназдықпен бүгінде бүкіл жер шарындағы 30 пайыз адамдар ауырады. Соның ішінде әйелдер және балалар 40-50 пайызды құрайды. Жалпы қаназдықты тудырушы себептерге 27,5 пайыз созылмалы аурулар, 29 пайыз темір жетіспеушілікті қаназдық және 17,5 пайыз гемолитік бұзылыстары салдарынан болған қаназдық, 17,5 пайыз қан кету салдарынан болған қаназдық болса, ең қатерлі бласты қаназдық 9 пайызды құрайды. Темір пайдалануды жоғалтудың жоғары себептері ретінде жасөспірімдік шақта жүктілік және лактация кезінде 700-800 мг темірді әйел жоғалтса, баланы емізу кезінде күніне 0,5 мг-дан 1 мг-ға дейін темір жоғалтып отырады. Әйел кісілер мен қыз балаларда темір етеккір кезінде қан кетумен жоғалып отыратын болса, ол клиналық хлорозға алып келеді.

Қаназдықтың белгілеріне жалпы әлсіздік, төбет төмендеуі, шаш түсуі, тахикардия (жүрек соғысының жиілеуі), енгізу және бас айналуы жатады. Сонымен бірге депрессия, көз көруінің нашарлауы (көз алдына шіркей көрінуі), шаршағыштық, география мен ауыздан жағымсыз иіс шығуы, дисфагия-жұтыну кезіндегі бұзылыстар жатады. Егер атрофиялық глоссит (тіл зақымдануы), бас ауруы, құлақ шұылдауы, тері жабындысының бозғылттығы мен қойлонихия мен жұмысқа деген қабілеттіліктің төмендеуі де қаназдықтың негізгі белгілеріне жатады. Сол себептен де мамандар темір қоры жақсарту үшін құрамында темір бар тағамдарды көбірек пайдалануды ұсынады.

Жалпы ағзада 2,5-4,5г темір қоры болады. Сондықтан адам ағзасындағы темір қорын толтырып отыру қажет. Әйел адамдар ер адамдарға қарағанда темірді көбірек қажет етеді. Себебі ай сайын етеккірмен қан жоғалтып отырады. Орта есеппен әйел адам күн сайын 15 мг темір қорын алуы қажет. Ал жүктілік және бала емізу кезінде 20мг-ға дейін темір қорын алуы қажет. Адам ағзасында созылмалы темір жеткіліксіздігі салдарынан оттегі тасымалдайтын гемоглобин азаяды да темір жеткіліксіздігінен дамитын қаназдық дамиды. Жанғақ, қарақұмық, шпинат, мейіз, бауыр, томағ, асқабақ дәні, қара шоколад, қызыл ет, балық, құс еті және картоп құрамында болады. Темір жеткіліксіздігінен дамитын қаназдық микроцитарлық, гипохромды анемия (түстік көрсеткіш 0,85 тен төмен) деп аталады. Сонымен бірге В12 дәрумені жеткіліксіздігінен дамитын қаназдық-гипохромды анемия (түстік көрсеткіш 1,05-тен жоғары) болса, В12 дәрумені суда еритін дәрумен. Ол қалыпты қан түзуіне, тіндердің өсуіне, бауырдағы май алмасуына қатысады.

Фолий қышқылы жеткіліксіздігінен дамитын қаназдық – В9 дәруменінің жеткіліксіздігінен дамитын қаназдық болып табылады. Фолий қышқылының тәуліктік қажеттілігі 0,1-0,15 мг-ды құрайды. Ал жүкті және бала емізетін әйелдерде 0,5мг қажеттілік болып саналады екен. Фолий қышқылы әйел адамды жүктілік кезінде түсік тастаудан қорғайды. Жалпы иммунитетке де әсері өте зор. Фолий қышқылы жасыл

жапырақты көкөністер, цитрус өнімдері, бауыр, сәбіз, бұршақ, жасымық, қауын, жанғақ және өріктің құрамында кездеседі.

Ал тамақтану бұзылысынан, темір жеткіліксіздігінен пайда болған қаназдық және В12 дәруменінің және фолий қышқылы жеткіліксіздігінен қаназдық пайда болады. Фермент бұзылысына байланысты қаназдық түріне талассемия, орақ жасушалық қаназдық және басқа да гемолитикалық қаназдық жатады. Гемоглобин және темір алмасуы бұзылысына байланысты талассемия және сидеробласты қаназдық пайда болса, ДНК синтезі бұзылысынан пернициозды және фолий жеткіліксіздігі қаназдық пайда болады. Сонымен бірге эритроцит морфологиясына байланысты қаназдық нормоцитарлық (эритроцит көлемі 80-98мкм3), микроцитарлық (эритроцит көлемі-80мкм3) төмен болса, макроцитарлық (эритроцит көлемі 98мкм3) жоғары болады. Ал гемопоэз жағдайына байланысты қаназдықтың гиперегенераторлық және гиперегенераторлық түрлері кездеседі.

– Қаназдықты емдеу жолдары қандай?

– Темір жеткіліксіздігінен дамитын қаназдықтың клиникалық көрсеткіштеріне яғни қаназдық белгілеріне әлсіздік, бас айналу, естен тану, енгізу мен жүрек соғысының жиілеуі жатады. Темір жеткіліксіздігінен дамитын қаназдықтың сидеропениялық белгілері – тері жабындысының құрғауы, шаштың және тырнақтың сынғыштығы, шаштың түсуі, ангулярлы стоматит, койлонихия (тырнақтың басылуы), дәм сезу бұзылысы (бор жеуге әуестік), иіс сезу бұзылысы (керосин, бензин иісіне құмарлық) және бұлшықет ауырсынуы, жұмыну бұзылысы мен төбет төмендеуі жатады. Қан сарысуындағы темір денгейін анықтау – ер адамда 8,28,6 мкм/л, әйел адамда – 7,2-26,8 мкм/л құрайды. Түстік көрсеткіш денгейін анықтау (0,85-1.05) 0,85-тен төмен болады. Және де эритроцит көлемі азайып, микроцитоз дамиды. Ферритін денгейін анықтау (ер адамда 40-300 н/г, әйел адамда 20-150 н/г, 20 н/г төмен болады. Ал қан сарысуындағы темірдің байланысу қабілеттілігін анықтау және трансферрин мен темірдің қанығу пайызын анықтау (25-40%) кездеседі.

Ал В12 дәрумені жеткіліксіздігінен дамитын қаназдықтың клиникалық көрсеткіштеріне анемиялық синдром – әлсіздік, шаршағыштық, төбет төмендеуі, тері жабындысының бозғылт болуы мен бас ауруы жатады. В12 дәрумені жеткіліксіздігінен дамитын қаназдықтың неврологиялық синдромына тітіркенгіштік, мазасыздық, ұйқы бұзылысы, рефлекс төмендеуі және клиникалық тырыспапар жатады. Және де глоссит – тіл емізікшесінің атрофияға ұшырауы, гонтер глосситі, тілдің таңқурай түстес болуы мен стоматит жатады. Диспенсиялық бұзылыстары жүрек айну, құсу, іштің қатуы және эритроциттердің көкбауырда ыдырауы жоғарылауынан көкбауырдың ұлғаюы мен тура емес билірубин жоғарылауынан көрінеді. Ол кезде түстік көрсеткіш жоғарылайды (1,05-тен жоғары). Ал эритроцит көлемі ұлғаяды. Эритроцитте Кэбот сақинасы, Жолли денешіктерінің болуы, лейкоцит пен тромбоцит төмендеуіне әкеліп соғады.

Фолий қышқылы жеткіліксіздігінен дамитын қаназдықта клиникалық көрсеткіші В12 дәрумені жеткіліксіздігіне ұқсас. Тек ғана бұл қаназдықта глоссит, ахилия болмайды. Бірақ ессіне адамның жүйке жүйесінің психикалық бұзылыстармен көрінеді.

Фолий қышқылы жеткіліксіздігінен дамитын қаназдықта түстік көрсеткіш жоғарылайды. Ол дегеніміз 1,05-тен жоғары немесе қалыпты нормохромды болады. Және де эритроцит көлемі жоғарылап, гранулоцит және тромбоцит қалыпты жағдайда болады. Ал фолий қышқылы денгейін анықтау (100-450 нг/л) төмен болады. Емі үшін 5-10 мг тәулігіне пайдаланылуы қажет.

Сондықтан да оқырман қауымға қаназдық ауруына бей-жай қарамай, дұрыс тамақтанып, адам ағзасына пайдалы, құрамында дәрумендері бар тағамдарды қолдануға кеңес береміз. Адам ағзасының қалыпты жағдайын сақтап тұру үшін салауатты өмір салтын ұстанып, көкөністер мен жеміс-жидектерді көбірек пайдаланып, деніміздің сау болуына аса назар аударайық!

– Майя Төлөндіқызы, сұхбатыңызға рақмет, оқырмандар өздеріне қажет мөл мәлімет алып, анемия ауруы жайында ақпараттанды деп сенеміз!

Сұхбаттасқан Айдана ҚҰАТОВА

АЙМАҚ АЖАРЫН АШҚАН АСА АУЫЛЫ



Фарида Дайрабекова, кәсіпкер:

Көрген көз қуанып, көңіл сүйсінер керемет көріністер. Кемшіліктер болса, айтылғаны да орынды. Назарға алынып, шешімдер табылары сөзсіз. Ал ауылымыз күн санап көркейіп келе жатқанына қуанамыз. Ат басындай алтыннан туған жердің тасы артық деген. Туған жерімізді түлетіп жатқан ел азаматтарына рақмет. Біз Асамен мақтанамыз!

Бақыт Сырлыбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Аудан тұрғындары үшін барлық жағдай жасалып жатыр. Ендігі кезекте сындырмай, бүлдірмей ұқыптылық танытады деген ойдамыз. Жамбыл ауданы жасай берсін!

Әсел Дүйсенғалиқызы, ауыл тұрғыны:

Аудан орталығында қайта жөндеуден өткен Ауған соғысы құрбандарына арналған аллея мен Ленин көшесінің бойындағы ойын алаңшасының кешкі көрінісі өте әдемі. Серуенге шыққан тұрғындар үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптасқан. Жаңа орындар біздің ауылымызды көріктендіріп, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік береді.

Азамат Құжан, ауыл тұрғыны:

Аса ауылы жылдан-жылға көркейіп келеді. Керемет! Еліміз аман, тыныш заман болсын!

Бота Амангелдиева, ауыл тұрғыны:

Аса дами берсін! Өсе берейік, өне берейік.



facebook



ПОЛЕЗНО ЗНАТЬ!

ПЕНСИЯ ГРАЖДАН СКЛАДЫВАЕТСЯ ИЗ ТРЕХ ЧАСТЕЙ

Пенсия граждан складывается из трех частей: базовой, солидарной и накопительной. Подробнее об этом рассказали в филиале Госкорпорации по Жамбылской области.

Базовая пенсия начисляется всем гражданам Казахстана при достижении пенсионного возраста. Она зависит от стажа участия в пенсионной системе. Минимальный размер базовой пенсии в 2024 году составляет 28 215 тенге, максимальный – 45 578 тенге.

Солидарная пенсия выплачивается гражданам, имеющим не менее 6 месяцев трудового стажа, выработанного до 1 января 1998 года. Размер зависит от трудового стажа и среднемесячного дохода. Минимальная солидарная пенсия в

2024 году составляет 57 853 тенге.

Накопительная пенсия выплачивается из индивидуальных пенсионных накоплений граждан и зависит от объема накопленных средств. При этом, чем больше накоплений имеет гражданин, тем больше будет размер пенсии.

Отметим, что казахстанцы, которые вышли на пенсию до внедрения обязательных пенсионных отчислений, получают базовую и солидарную пенсии. Сумма пенсии зависит от стажа работы и суммы обязательных пенсионных

накоплений. С переходом к накопительной пенсионной системе, каждый работодатель обязан осуществлять регулярное перечисление обязательных пенсионных взносов (ОПВ) в размере 10 % от ежемесячного дохода работника.

К слову, с начала года свыше 5 тысяч жителей Жамбылской области вышли на пенсию по возрасту. Напомним, что в Казахстане мужчины выходят на пенсию с 63 лет, женщины – с 61 года. Женщины, имеющие 5 и более детей, младшему из которых не менее 8 лет, получают пенсионные выплаты по достижении 53 лет.

Ерболат АМАЛОВ, руководитель отдела социального обеспечения района.



ШҰҒЫЛА-РАДУГА

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газетінің редакциясы» ЖШС

ДИРЕКТОР:
Назгул ДӘУЛЕТАЛДИНА

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰҰ00041240

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Кабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей байланыс: 87766213155

Бас редактордың орынбасары:
Тілшілер:

Максат ЖҰМАБАЕВ 87059774177
Жәнібек АСАНОВ 87071126364
Айдана ҚҰАТОВА 87071936593
Нұрперзент ТУҒАНБАЙ 87052169618
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер:
Бас редактордың орынбасары:
Тілшілер:

2-20-24
2-13-44

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3000 Тапсырыс №461

Нөмірдің кезекшісі: Нұрперзент ТУҒАНБАЙ

Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.